

Банкроттық рәсімдерде төлем жасауға қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 сәуір N 581. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.20. N 615 қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңын іске асыру мақсатында, "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Банкроттық рәсімдерде төлем жасауға қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) < * >

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат):

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

реттік нөмірі 18-жолдың 3-бағаны "банкроттық рәсімдерде төлем жасауға қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі қызмет" деген сөздермен толықтырылсын.

Ескерту. 1)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 168 қаулысымен.

3. "Кәсіпорындарды қаржы-экономикалық сауықтыру, банкроттықтың алдын алу, дәрменсіз кәсіпорындарды тарату жөніндегі қызметті жандандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 маусымдағы N 1029 қаулысының 4-тармағының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 29, 261-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 28 сәуірдегі

**Банкроттық рәсімдерде төлем жасауға қабілеті жоқ
борышкерлердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі
қызметті лицензиялау
ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңына, "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес әзірленді және банкроттық рәсімдерде төлем жасауға қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі қызметті лицензиялау тәртібін белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының "Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті банкроттық рәсімдерде төлем жасауға қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - лицензиар) болып табылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.11.28. № 1268 қаулысымен.

3. Лицензия алу құқығы Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне және осы Ережеде белгіленген талаптарды сақтаған кезде Қазақстан Республикасының жеке тұлғаларына беріледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.21. № 308 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Банкроттық рәсімдерде төлем жасауға қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензия басты болып табылады.

Лицензия иеліктен айырылмайтын, яғни, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен өзгеше көзделмесе, лицензиатпен басқа тұлғаларға берілмейтін болып табылады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.21. № 308 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Лицензияның күші Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.

2. Лицензия алу үшін қажетті құжаттар

6. Өтініш беруші лицензия алу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) белгіленген үлгідегі өтініш;

- 2) жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) банкроттық рәсімдерде төлем жасауға қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі қызметпен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым (бұдан әрі - лицензиялық алым) төлегенін растайтын құжат;
- 4) өтініш берушінің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар :

жоғары заң және экономикалық білімі туралы дипломдарының не банкроттық туралы заңнамаға сәйкес бекітілген ережеге сай сырттан қадағалау әкімшісі, оңалтуды, конкурстық басқарушы ретінде одан әрі жұмыс істеу үшін дайындықтан өткенін растайтын білім беру ұйымы берген құжаттың көшірмелері ;

жұмыс өтілін растайтын құжаттардың көшірмелері.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.04.21. N 308 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Лицензиаттарға қойылатын біліктілік талаптары

7. Банкроттық рәсімдерде төлем жасауға қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін өтініш беруші мынадай біліктілік талаптарына жауап беруі тиіс:

1) жоғары заң және экономикалық білімінің болуы не банкроттық туралы заңнамаға сәйкес бекітілген ережеге сай сырттан қадағалау әкімшісі, оңалтуды, конкурстық басқарушы ретінде одан әрі жұмыс істеу үшін білім беру ұйымдарында дайындықтан өтуі;

2) экономикалық, қаржы, есеп-талдамалы, бақылау-тексеру немесе құқық салаларында үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.21. N 308 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8 . < * >

Ескерту. 8-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.04.21. N 308 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Лицензия беру туралы өтініштерді қарау мерзімдері мен лицензия бергені үшін алым

9. Лицензия, егер заңнамалық кесімдермен басқа мерзім көрсетілмесе, өтінішті барлық қажетті құжаттармен бірге өткізген күннен бастап он күн мерзімнен кешіктірмей беріледі.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.21. N 308 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Лицензия алымының мөлшері мен оны төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгіленеді.

Тиісті қызмет түрімен кезең бойы айналысуға лицензия беру лицензия берген сәтке бір жолғы лицензиялық алым төлеумен жүзеге асырылады.

5. Лицензия беруден бас тарту

11. Лицензия мынадай жағдайларда берілмейді, егер: субъектілердің осы санаты үшін қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруға заң кесімдерімен тыйым салынса;

осы Ереженің 6-тармағына сәйкес талап етілген барлық құжаттар ұсынылмаса. Өтініш беруші көрсетілген кедергілерді жойған кезде, өтініш жалпы негіздерде қ а р а л а д ы ;

лицензия алымы енгізілмесе; өтініш берушіге қатысты оған қызметтің осы түрімен айналысуға тыйым салатын сот шешімі болса;

өтініш беруші банкроттық рәсімдерде төлем жасауға қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі қызмет үшін қойылатын белгіленген біліктілік талаптарына жауап бермесе.

12. Өтініш берушіге лицензия беруден бас тартқан кезде, лицензия беру үшін белгіленген мерзімдерде жазбаша түрдегі дәлелді жауап беріледі.

13. Егер лицензия заң кесімдерімен және осы Ережемен белгіленген мерзімде берілмесе немесе өтініш берушіге бас тарту негізсіз болса, ол бір ай мерзімде бұл әрекетке сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

6. Лицензияның әрекетін тоқтату

14. Лицензия мынадай жағдайларда өз әрекетін тоқтатады: лицензия қайтарып а л ы н с а ;

азамат кәсіпкерлік қызметін тоқтатса.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.21. N 308 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15. Лицензия әрекетінің тоқтатылуына байланысты даулар сотпен шешіледі.

7. Лицензияны қайтарып алу және оның әрекетін тоқтата тұру

16. Лицензия, егер заңнамалық кесімдермен өзгеше көзделмесе, мынадай жағдайларда :

лицензиат осы лицензияланатын қызмет түрі үшін қойылатын талаптарды о р ы н д а м а ғ а н д а ;

жүзеге асыруға лицензиясы бар қызмет түрімен айналысуға лицензиатқа сот
т ы й ы м с а л ғ а н д а ;

лицензиар лицензияның әрекетін тоқтата тұру себептерін жоймағанда;
лицензиат лицензияны аларда алдын-ала теріс ақпарат бергенде сот тәртібімен
қ а й т а р ы п а л ы н у ы м ү м к і н .

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.21. N 308 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Лицензияның әрекеті мынадай жағдайларда:
қызметті заңнама талаптарын бұза отырып жүзеге асырған кезде;
Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа жағдайларда
тоқтата тұруы мүмкін.

18. Лицензияның күшін тоқтата тұруды лицензиардың, бақылау және
қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өтініші
б о й ы н ш а с о т ж ү р г і з е д і .

Шағын кәсіпкерлік субъектісі лицензиясының күшін тоқтата тұру туралы
өтінішті уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңнамалық
кесімдерімен белгіленген тәртіппен және негіздемеде сотқа жібереді.

Шағын кәсіпкерлік субъектісі лицензиясының күшін сот шешімінсіз тоқтата
тұруға Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен белгіленген
айрықша жағдайларда, сотқа көрсетілген мерзімде міндетті түрде талап арызын
көрсете отырып, 3 күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі. Бұл ретте тоқтата
тұру туралы кесім сот шешімі шығарылғанға дейін қолданыста болады.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.21. N 308 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1 9 . < * >

Ескерту. 19-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.04.21. N 308 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20. Лицензиат лицензияның әрекетін тоқтата тұру туралы шешімге сот
тәртібімен шағымдануға құқылы. Сот лицензия әрекетін тоқтата тұру заңды
екендігі туралы шешкен кезде оны тоқтата тұрудың мерзімі лицензиар осындай
шешім қабылдаған күнінен бастап саналсын.

21. Лицензияның әрекетін тоқтата тұрған жағдайда, лицензиат анықталған
тәртіп бұзушылықтарды жоюға міндетті, содан кейін лицензияның әрекеті
лицензиардың жазбаша рұқсаты бойынша не соттың тиісті шешімінде
белгіленген өзгеше тәртіппен қайта жаңартылады.

8. Лицензияның көшірмесін беру және лицензияны қайта ресімдеу

22. Лицензиат лицензияны жоғалтып алған жағдайда, көшірмесін алуға құқығы бар. Лицензиар он күн ішінде лицензиаттың жазбаша өтініші бойынша лицензияның көшірмесін беруді жүргізеді. Бұл ретте лицензиат лицензия алымын төлейді.

23. Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда, ол бұл туралы лицензиарға көрсетілген деректерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша түрде бір ай мерзімде хабарлауға міндетті.

Лицензиар лицензиат тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап он күн ішінде лицензияны қайта ресімдейді.

Лицензияны қайта ресімдеген және көрсетілген құжатты берген кезде Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгіленген тәртіппен және мөлшерде алым төленеді.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.21. N 308 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Лицензиялық ережелерді сақтауды бақылау

24. Лицензиялық ережелердің сақталуын бақылауды лицензиар жүзеге асырады.

25. Осы Ережені бұзушылық Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген жауапкершілік жүктейді.